

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 желтоқсан N 1663

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

ж о б а

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
сақтандыру мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мына заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар
е н г і з і л с і н :

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Z947000_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 201-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 447-құжат):

24-баптағы "мемлекетаралық және облысаралық автомобиль көлігімен" деген сөздер "қалалық электр көлігін қоса алғанда, автомобиль көлігімен" деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 U952697_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 28, 148-құжат):

9 5 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

екінші бөліктегі "бұған қоса Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген сақтандыру туралы заңдарға сәйкес азаматтық жауапкершілікті сақтандыруға міндетті" деген сөздер "Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген сақтандыру туралы заңдарға сәйкес тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық

жауапкершілігін сақтандыруға міндетті" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық K941000_ кодексіне (Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2000 ж., N 10, 244-құжат ; N 22 , 408 - құжат) :

833 - бапта :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"833-бап. Сақтандыру тәуекелін және келтірілген зиянды бағалау"; бірінші бөліктегі "қарап тексеруге" деген сөздер "қарап тексеру мен бағалауды дербес жүргізуге" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Сақтандырушы жүзеге асыратын сақтандырылатын мүлікті және келтірілген зиянды бағалау сақтандырудың құрамдас бөлігі болып табылады және қосымша лицензиялауды талап етпейді.";

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

"4. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген зиянның мөлшерін сақтандырушы немесе оның бастамасы бойынша бағалаушы (сарапшы) анықтайды. Зиянды бағалау нәтижелерімен келіспеген кезде сақтанушы өзгеше дәлелдеуге құқылы."

4. "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 30 қарашадағы Z000109_ Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., N 20, 381-құжат):

1) 1 - бапта :

бірінші бөліктегі "және осы Заңнан, соған сәйкес қабылданатын" деген сөздер ", Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінен, осы Заңнан және" деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Сақтандыру кезінде сақтандыру тәуекелдерін және келтірілген зиянның мөлшерін бағалау ерекшеліктері сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңдарға сәйкес анықталады." ;

2) 10-баптың 1-тармағының үшінші абзацындағы "сақтандырушысы," деген сөз алынып тасталсын .

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 247-құжат; 2001 жылғы 9 қарашада "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сот сараптамасын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 6 қарашадағы Z010251_ Заңы):

1) 175-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзац "Заңдарда" деген сөздің алдынан "Сақтандыру ұйымының" деген сөздермен толықтырылсын, "жалтару" деген сөз "жалтаруы" деген сөзбен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"лауазымды адамдарға - айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырма беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) мынадай мазмұндағы 175-1 және 175-2-баптармен толықтырылсын:

"175-1-бап. Көлік құралдары иелерінің үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудан жалтаруы

"Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті сақтандырылуға жататын адамдардың міндетті сақтандыру шартын жасасудан жалтаруы,

азаматтарға - айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігінен бірге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен онға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырма бестен отызға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

175-2-бап. Тасымалдаушылардың темір жол, әуе, теңіз, ішкі су, автомобиль көлігінде жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудан жалтаруы

Тасымалдаушылардың темір жол, әуе, теңіз, ішкі су, қалалық электр көлігін қоса алғанда, автомобиль көлігінде заңдарда белгіленген жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандырудан жалтаруы, -

азаматтарға (кәсіпкерлік қызметтің осы түрін жүзеге асыратын) айлық есептік көрсеткіштің бірден екіге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға - бестен жетіге дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға - жиырма бестен елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3) 543 - бапта:

бірінші бөліктегі "165" деген саннан кейін ", 175-1, 175-2 (темір жол, теңіз, ішкі су және әуе көлігі саласындағы тәртіп бұзушылықтарды қоспағанда,)" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің 7) тармақшасындағы "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175-1, 175-2 (темір жол, теңіз, ішкі су және әуе көлігі саласындағы тәртіп бұзушылықтарды қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын;

4) 545-баптың бірінші бөлігіндегі "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175-2 (әуе, теңіз, ішкі су және қалалық электр көлігін қоса алғанда, автомобиль көлігі саласындағы тәртіп бұзушылықтарды қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын;

5) 546-баптың бірінші бөлігіндегі "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175-2 (

темір жол, әуе және қалалық электр көлігін қоса алғанда, автомобиль көлігі саласындағы тәртіп бұзушылықтарды қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 547-баптың бірінші бөлігіндегі "осы Кодекстің" деген сөздерден кейін "175-2 (темір жол, теңіз, ішкі су және қалалық электр көлігін қоса алғанда, автомобиль көлігі саласындағы тәртіп бұзушылықтарды қоспағанда)," деген сөздермен толықтырылсын;

7) 573-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"3. Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғандығы туралы хаттама жасауға құқығы бар сақтандыру қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган лауазымды тұлғаларының құзыреті осы Кодекске сәйкес айқындалады.";

8) 636-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "451-баптың екінші бөлігі" деген сөздердің алдынан "175-2-бап," деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті